

Солтүстік Қазақстан облысының тірек ауылдық елді мекендерінің тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 4 мамырдағы № 173 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 маусымда № 4208 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № 136 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 9.07.2021 № 136 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 2-тармағына, "Тірек ауылдық елді мекендерді айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 53 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13375 болып тіркелді) бекітілген Тірек ауылдық елді мекендерді айқындау әдістемесінің 6-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысының тірек ауылдық елді мекендерінің тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің экономика басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулының Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялануын;

3) осы қаулының Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің экономика басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының тірек ауылдық елді мекендерінің тізбесі

Рет №	Ауданның атауы	Ауылдық округтің атауы	Ауылдық елді мекеннің атауы
1	Айыртау	Антоновка	Антоновка ауылы
2		Арықбалық	Арықбалық ауылы
3	Ақжар	Ленинград	Ленинградское ауылы
4		Новосел	Горьковское ауылы
5	Аққайың	Киялы	Киялы ауылы
6		Лесной	Ленинское ауылы
7		Тоқшын	Тоқшын ауылы
8	Есіл	Корнеевка	Корнеевка ауылы
9		Петровка	Петровка ауылы
10	Жамбыл	Благовещенка	Благовещенка ауылы
11		Қайранкөл	Қайранкөл ауылы
12	Мағжан Жұмабаев	Возвышен	Возвышенка ауылы
13		Қарақоға	Қарақоға ауылы
14		Фурманов	Бәйтерек ауылы
15	Қызылжар	Асанов	Асанов ауылы
16		Соколов	Соколовка ауылы
17		Новоникольский	Новоникольское ауылы
18		Петерфельд	Петерфельд ауылы
19	Мамлют	Дубровка	Дубровное ауылы
20		Краснознамен	Краснознаменное ауылы
21		Новомихайловка	Новомихайловка ауылы
22	Ғабит Мүсірепов атындағы	Рузаев	Рузаевка ауылы
23		Тахтаброд	Тахтаброд ауылы
24	Тайынша	Келлер	Келлеровка ауылы
25		Большой Изюм	Большой Изюм ауылы
26		Чкалов	Чкалово ауылы
27		Ясная Поляна	Ясная Поляна ауылы
28	Тимирязев	Докучаевка	Докучаево ауылы
29		Белоградовка	Белоградовка ауылы
30		Құртай	Степное ауылы
31		Хмельницкий	Хмельницкое ауылы
32		Бидайық	Бидайық ауылы

33	Уәлиханов	Ақбұлақ	Ақбұлақ ауылы
34		Қулықөл	Қулықөл ауылы
35	Шал ақын	Приишим	Повозочное ауылы
36		Новопокровка	Новопокровка ауылы
37		Семипол	Семиполка ауылы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК